

Түркістан облысының білім басқармасының Созақ ауданының білім бөлімінің «Абай атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ

БҰЙРЫҚ 20
«29» 08 2023ж

Тасты ауылы

«Бір мезгілдік ыстық тамақты ұйымдастыру туралы»

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің міндетін атқарушы 2020 жылғы №180 бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің ұсынылған 191 (жүз тоқсан бір) оқушыға тамақтануға берілген орынға қамқоршылық кеңестің шешімімен ұмынылған төмендегі 191 оқушы (қосымша- 1) міндетті оқу қорының есебінен бір мезгіл ыстық тамақпен **қамтылсын.**
2. Тамақтандырудың сапасына мониторинг жүргізу бойынша мектеп комиссиясы жүйені бақылауды жүзеге асырсын (әкелінетін азық-түлік өнімдерінің сапасына күнделікті мониторинг, тағамды дайындау технологиясына, тоңазытқыш-технологиялық жабдықтарының дұрыстығын)
3. Әр күн сайын ыстық тамақтың сапасын, ас мәзірін, асхана жұмысшыларының жеке тазалығын, асхананың санитарлық жағдайын бақылау мектеп медбиесі Айсара Қасқабаеваға **жүктелсін.**
4. Ыстық тамақтың ұйымдастырылуын қадағалау әлеуметтік педагог Ақмарал Мамшетоваға **жүктелсін.**
5. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау, басшылық жасауды өзіме **қалдырамын.**

Негізі: Түркістан облысы Созақ ауданының білім бөлімінің хаты.



Мектеп директорының у.м.а

А.Қазақбаев А.Қазақбаев